

## СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІ МЕНГЕРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДА ЭТНО-КӨРКЕМДІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ҚЫДЫРОВА С.Р. , ТАЙҰСТАР Ә.Е. \* 

Қыдырова Салтанат Рашидовна — PhD, аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

E-mail: [skydyrova@zhubanov.edu.kz](mailto:skydyrova@zhubanov.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-5896-7474>;

\*Тайұстар Әсем Ербөлекқызы — 1 курс магистранты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: [assem.taiustar@mail.ru](mailto:assem.taiustar@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0008-8407-0140>;

**Аңдатпа.** Мақалада сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы білім алушылардың этнокөркемдік мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық тәсілдер қарастырылған. Білім беру жүйесіндегі этно-көркемдік тәрбиенің өзектілігі және этникалық бірегейлік пен эстетикалық қабылдауды нығайту үшін мәдени элементтерді енгізудің маңыздылығы негізделді. Этно-көркемдік мәдениетті қалыптастырудың негізгі қағидалары, рухани және материалдық құндылықтары сипатталып, мұғалімдерге практикалық, зерттеушілік және интерактивті әдістерді қолдануды қамтитын әдістемелік ұсыныстар ұсынылды. Мәдени мұраға, ұлттық салт-дәстүрге саналы көзқарасты дамытуға ықпал ететін оқу-тәрбие үрдісіндегі құрал ретінде сәндік-қолданбалы өнердің рөлі талданады. Сәндік-қолданбалы өнер халықтың рухани мұрасы мен мәдениеті болып табылады, оны меңгеру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттері дамып, олардың эстетикалық талғамы қалыптасатыны жазылған. Қазіргі білім беру жүйесінде мұндай бағыттың болуы жастардың ұлттық өнер мен мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып, еліміздің мәдени мұрасының болашақ ұрпаққа аманат болуына негіз қалайды. Білім алушылардың этнокөркемдік мәдениетінің дамуының белгілі бір құралы ретінде сәндік-қолданбалы өнердің міндеті негізделген. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы этно-көркемдік тәрбие білім алушыларды өзінің елінің рухани қазынасын сезінуге көмектеседі. Мақалада этно-көркемдік элементтерді оқу процесіне қосуға арналған педагогикалық әдіс-тәсілдер білім алушылардың эстетикалық талғамын дамытып қана емес, сонымен қатар этностық сәйкестік пен мәдени өзіндік сананы нығайтуға ықпал ететін туралы жазылған.

**Түйін сөздер:** этно-көркемдік мәдениет, сәндік-қолданбалы өнер, этно-көркемдік тәрбие, педагогикалық әдістер, этникалық бірегейлік, өнерді оқыту әдістемесі, эстетикалық тәрбие.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде қазақ халқы үшін ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңызы өте зор. Себебі, жаһандану заманында көп ұлт өкілдері өз тарихына, салт-дәстүріне, туған тіліне, құндылықтарына аса мән бермей келеді. Осындай жаһандану кезеңінде тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы дер кезінде халыққа ұсынылды. Бұл мақалада: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу...» деп баса айтылған [1].

Қазақстанда этно-көркемдік тәрбие ерекше орын алады, өйткені еліміз әртүрлі халықтардың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын қамтитын бай мәдени мұрасы бар көпұлтты мемлекет. XX ғасырдың соңында әлемде әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салаларда болған ауқымды өзгерістер этникалық үдерістердің белсенді түрде жандануына ықпал етті, бұл біздің мемлекетімізді де айналып өтпеді. Халқымыз ассимиляция, консоли-дация және интеграция секілді этникалық процестердің ұлттық сана мен дәстүрге тигізген әсерін белгілі дәрежеде бастан өткерді. Бүгінгі этно-көркемдік болмысымызды айқындайтын материалдық мәдениет салаларының бірі -қолөнер, оның ішінде әлі күнге дейін жеткілікті зерттелмеген шетелдегі қазақтардың мәдениетін зерделеу білім алушылар үшін өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстанда қазақтардың қолөнерін бергі дәуірде Ә.Х. Марғұлан, Э.А. Масанов, М.С. Мұқанов, Х.А. Арғынбаев, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, В.В. Востров, Х.А. Қауанова, С. Қасиманов, Ө. Жәнібеков, Ә. Тәжімұратов, Ә.Т. Төлеубаев, С.Е. Әжіғали, Ш.Ж. Тоқтабаева, Н.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences  
Әлімбаев, Н.Ж. Шахановалар сияқты зерттеушілер өз еңбектерінде қамтып, зерттеген [2, 4].

Қазіргі таңда білім алушыларға еліміздің тарихын тереңірек таныстырып, оларды халқымыздың бай және ерекше мұрасымен сусындату маңызды міндетке айналып отыр. Ұлттық қолөнер жетістіктерін білім саласына енгізу, жергілікті халық шеберлерінің туындыларын білім алушылар арасында дәріптеу, әдемі қолөнер бұйымдарын заман талабына сай қолдануға үйрету - уақыт сұранысы. Ежелден зергерлік, кілем тоқу, кесте, ағаш ою, тері өнерімен бейнеленген қазақтың сәндік-қолданбалы өнері халықтың рухани мұраты мен дүниетанымын танытатын маңызды рөлді атқарды. Бұл көркемдік формалар эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, мәдени кодты беру мен этникалық бірегейлікті нығайту құралы қызметін атқарып, жас ұрпақты ата-бабаларының тарихымен, мәдени тамырымен танысуға ықпал етті.

Қазақстанда сәндік-қолданбалы өнер арқылы білім алушыларда этно-көркемдік мәдениеттің қалыптасу тарихы Кеңестік кезеңде халық өнерін жастар арасында танымал ету үшін құрылған алғашқы қолөнер және қолданбалы өнер мектептерінен басталды. Кейіннен тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның білім беру жүйесіндегі этно-көркемдік тәрбиенің рөлі едәуір өсті. Мемлекеттік мәдени және білім беру саясатының маңызды бағытына айналған дәстүрлі өнер түрлерін оқу бағдарламаларына біріктіру қажеттілігі түсінілді. Ұлттық білім беру мекемелері мен мәдени ұйымдардың қолдауымен этно-көркемдік пен халық өнерінің құндылықтарын жаңа ұрпаққа бере алатын мамандарды даярлау жүйесі әзірленді.

Қазақ халқының қолөнері - ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық мәдени мұраның ажырамас маңызды бөлігі. Қолөнер түрлерінің өн бойында халықтың материалдық және рухани өмірі көрініс тапқан. Бұл сәндік-қолданбалы өнер туындылары материалдық мұра болып қана қоймай, ертедегі халықтың тарихынан таным - түсінігінен, эстетикалық талғамынан хабардар етеді. Қазіргі таңда, осындай ұлттық мәдениет үлгілерінің дәстүрлерін оқып үйрену және меңгеру білім алушыларға, оларды сақтауға және бүгінгі әлеуметтік жағдайларға сай пайдалана білуге үйретуге мол мүмкіндіктер береді [3, 40]. Қазіргі қазақстандық педагогикада этно-көркемдік тәрбие білім алушылардың бойында ұлттық өзіндік сана мен азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды элементі ретінде қарастырылады. Сәндік-қолданбалы өнер осы мақсаттарға жетудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді, өйткені олар дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға тереңірек үңілуге және мәдени артефактілердің символизмі мен маңыздылығын зерттеуге мүмкіндік береді. Заманауи педагогикалық әдістер оқу-тәрбие процесінде этно-көркемдік элементтерді белсенді пайдаланады, бұл білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың ұлттық мәдениетті саналы қабылдауына және Қазақстанның мәдени сипатының әртүрлілігін құрметтеуге ықпал етеді.

Білім беруде этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыру маңызды міндет болып табылады, өйткені ол білім алушыларға өз халқының ұлттық тамыры, мәдени мұрасы мен эстетикалық құндылықтарын түсінуге көмектеседі. Осы орайда, ұлттық психология ұғымы қарастырылады. Ұлттық психология қоғамдық сананың белгілі бір көрінісі. Ол өзіне тиісті психологиялық ерекшеліктерді бірлікте қарастырады және ұлттың психологиялық ерекшелігі болып саналады. Этнопсихологиялық құрылымға ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері де жатады. Оған ұлттық сана-сезім, ұлттық ерекшелік ұлттық мүдде, бағыт-бағдар, дәстүр, әдеттердің жиынтығы енеді [4, 294]. Мұғалімнің көркем білім беру барысындағы басты міндеттерінің бірі - сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру арқылы білім алушыларда этно-көркемдік мәдениетті, соның ішінде ұлттық характер; адамдардың эмоционалды қарым-қатынасына және этникалық бірлігіне негізделген ұлттық сезім және көңіл-күйді, патриотизмді туғызу; қоғамдық-психологиялық ортада ұлттық мүддені қорғайтын ұлттық мүдде мен бағыт-бағдарды қалыптастыру; өз ұлттық дәстүрімен таныстырып, ұстануға баулу. Сәндік-қолданбалы өнер халық шығармашылығының бір түрі бола отырып, этникалық дәстүрлер мен бейнелердің байлығын айқын көрсетеді. Білім беру ортасында сәндік-қолданбалы өнерді игеру білім алушылардың мәдени рәміздерге деген қызығушылығын және

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences этно-көркемдік бірегейлікті түсінуді дамытуға ықпал етеді. Мақаланың негізгі мақсаты - этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық әдістемелерді көрсету және олардың білім алушыларды тәрбиелеу үдерісіндегі маңызын ашу.

Этно-көркемдік мәдениет – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы. Ол ұлттық болмысты қалыптастыратын халықтық әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлер мен бейнелерді қамтиды. Этно-көркемдік мәдениетті игеру студенттерге өздерінің жеке мәдениетіне жататындығын түсінуге көмектеседі, бұл олардың жеке қалыптасуы үшін маңызды.

Сәндік-қолданбалы өнерге этникалық рәміздер мен эстетикалық құндылықтарды бейнелейтін ою-өрнек, кесте, кілем тоқу, ағаш ою сияқты көркем шығармашылықтың алуан түрлері жатады. Сәндік-қолданбалы өнерді оқу студенттерге мәдени рәміздердің мағынасын жақсы түсінуге және оларды жасауға байланысты дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, сәндік-қолданбалы өнер этно-көркемдік сананы қалыптастыруға көмектесетін күшті тәрбие құралы болып табылады.

Сәндік-қолданбалы өнер арқылы білім алушыларда этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыру үшін К. Д. Ушинский әзірлеген оқыту принциптеріне сүйенген жөн [5, 169]. Оқу процесінің уақтылы басталуы мен біртіндеп басталуы білім алушыларды этно-көркемдік шығармашылыққа тән дәстүрлер мен әдістермен таныстыра отырып, мәдени мұраға тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Әдістің шынайылығы білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді, бұл этникалық өзіндік сана мен эстетикалық қабылдаудың үйлесімді дамуына ықпал етеді. Жүйелілік пен бірізділік принципі ерекше маңызды бола бастайды, өйткені этно-көркемдік мәдениет материалдар, техникалар мен символизм туралы мұқият білімді қажет етеді, ал мектеп дәстүрлі өнерді ақпараттық қана емес, сонымен қатар тұжырымдамалық тұрғыдан негізделген түсінуді де қамтамасыз етуі керек. Білім алушылардың белсенділігі мен инициатива танытушылығын дамытып, оларға этникалық сәндік-қолданбалы өнер пәндерін өздері жасауға, оның тарихи және көркемдік мәнмәтінін зерттеуге мүмкіндік беру қажет. Бұл жеке этно-көркемдік тәжірибе мен шығармашылық көріністі қалыптастыруға ықпал етеді. Соңында, оқыту білім алушылар үшін қолжетімді болуы керек, ал міндеттердің мазмұны мен күрделілігі олардың жас және психологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек. Сәндік-қолданбалы өнер элементтерін игеру әдістемелік ойлауды және шығармашылық тапсырмаларды орындауға жұмсалған күш-жігердің мүмкін болуы және одан әрі дамуға түрткі болуы үшін күрделілікті біртіндеп арттыруды талап етеді. Осылайша, осы қағидаттарды сәндік-қолданбалы өнерді игеру арқылы жүзеге асыру білім алушылардың бойында этно-көркемдік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді, олардың дәстүрлерді құрметтеуін, эстетикалық қабылдауын және мәдени мұраны сақтауға деген ұмтылысын дамытады.

Педагогикада сәндік-қолданбалы өнер арқылы білім алушылардың этно-көркемдік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін келесі әдістер ерекшеленеді [6, 61]:

1. Монолог түрінде жүргізілетін әдіс. Бұл әдіс бойынша оқыту барысында мұғалімнің рөлі басымырақ болады. Оқытушы ақпараттарды ауызша жеткізуші, ал білім алушылар атқарушы рөлінде болады және олардың білім беру барысындағы іс-әрекеті берілген нақты үлгі бойынша жүзеге асырылады.

2. Көрнекілік әдіс. Мұғалім оқу материалдарын білім алушыларға демонстрациялау арқылы тәжірибе түрінде түсіндіреді. Білім алушылардың іс-әрекетін репродуктивті тәсілмен жеткізу. Сәндік-қолданбалы өнер шығармалары мен үлгілерін ұсыну арқылы ұлттық мәдениет түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Диалог түрінде жүргізілетін әдіс. Мұғалім ұлттық сәндік-қолданбалы қолөнердің маңызы мен ерекшеліктерін, көркем бұйымдардың түрлері мен құрал-саймандары туралы білім алушылармен диалог құру арқылы олардың этно-көркемдік мәдениетін қалыптастыруға септігін

4. Эвристикалық әдіс. Бұл әдіс бойынша, оқу материалы әңгімелесу арқылы беріліп, ол білім алушыларға нұсқау ретінде жеткізіледі. Жаңа оқу материалын түсіндіру барысында сәндік-қолданбалы өнер тақырыбына қатысты проблемалық сұрақтар қойылып, оны білім алушылар оқытушының көмегімен шешімін табады.

5. Іздену әдісі. Оқытушы мен білім алушының өзара іс-әрекеті іздену арқылы ұйымдастырылады, яғни сабақтан тыс көркемөнерлік конкурстарға дайындалу, жеке зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жобаларға қатысу жұмыстарын атап өтуге болады.

6. Алгоритмдік әдіс. Білім беру барысында оқытушы білім алушылардың жұмыс әрекетіне белгілі бір жүйеде жасалған алгоритм арқылы ұйымдастырады. Мысал ретінде бұйым жасау алгоритмі ретінде: жұмыс орны мен бұйым жасауға қажетті құрал-саймандарды дайында; бұйымның нобайын сызу; өлшемдерін анықтау; бұйымды жасау жатады.

7. Бағдарламалап оқыту әдісі. Бұл әдіс оқу үрдісін бағдарламаланған оқу-әдістемелік құралдар көмегімен іске асырылады.

8. Интерактивті әдістер: мұражайларға экскурсиялар ұйымдастыру, халық шығармашылығы шеберлерімен кездесулер және бірлескен шығармашылық іс-шаралар. Интерактивті тәсіл білім алушыларға оқу процесіне белсене қатысу сезімін дамыта отырып, этно-көркемдік объектілермен тығыз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдістер білім алушыларға этно-көркемдік мұраға саналы көзқарасты дамыта отырып, сәндік-қолданбалы өнердің мәдени маңыздылығын тереңірек түсінуге және сезінуге мүмкіндік береді.

Әр сабақтың жіктелуі әрбір пәннің ерекшеліктеріне, білім алушылардың жас және таным ерекшеліктеріне де байланысты болып келеді. Көркем еңбек сабақтарында мұғалім білім алушыларда сәндік-қолданбалы өнер арқылы этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыру үшін сабақтың технологиясын терең білуі және оған өзіндік талдау жасауы қажет.

Төменде келесі сабақ түрлері ерекшеленеді [6, 72]:

1. Аралас немесе комбинациялық сабақ. Бұл сабақ үш негізгі кезеңді құрайды: ұйымдастыру кезеңі; мақсат қою кезеңі, бекіту кезеңі.

2. Жаңа білімдерді меңгеру сабағы. Бұл сабақ бойынша жаңа сабақты түсіндіруге баса назар аударылады. Негізгі мақсаты - терең де тиянақты, сапалы түрде көркемдік білім негіздерін үйрету.

3. Қайталау сабағы. Сабақтың негізгі мақсаты - бұрынғы өткен сабақтан алған ақпараттарды тереңдету, ойда қалғандарын нақтылау және меңгерген білімдерді қайта ұмытып қалуға жол бермеу.

4. Бекіту сабағы. Білім алушылардың интеллектуалдық және танымдық біліктер мен дағыларын жетілдіру осы сабақтың негізгі мақсаты болып саналады.

5. Білімді тексеру және бағалау сабағы. Білім алушылардың көркемдік білім деңгейі мен тиянақтылығын тексеру - бұл сабақ типінің басты дидактикалық мақсаты.

6. Жалпылау және қорытындылау сабағы. Бұл типтегі негізгі дидактикалық мақсат - білімді жалпылау және қорытындылау болып есептеледі. Типтік жағынан бұл сабақ қайталау сабағына ұқсас келеді, бірақ ең маңызды мәселелер тоқсан соңында қайталанатын, сол арқылы түйінді мәселелер айқындалып, себеп-салдар байланыстары анықталады.

Көркемдік білім беруде бір типті сабақтарды үнемі қолдана беру білім алушылардың ойлау қабілетінің тежелуіне және сабаққа деген ынтасының жойылуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан, мұғалім әр сабақтың типін өзгертіп отыру қажеттілігін ескерген жөн.

Білім алушыларда этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыру процесі бірнеше кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты мен әдіснамалық ерекшеліктері бар:

1. Кіріспе кезеңі: білім алушылар сәндік-қолданбалы өнердің тарихы мен символизмімен танысады, мәдени бейнелер мен ою-өрнектерді үйренеді. Дәрістер, талқылаулар мен презентацияларды бағдарламаға енгізу ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде сәндік-қолданбалы

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences өнердің маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

2. Практикалық кезең: бұл кезеңде білім алушылар сәндік - қолданбалы өнердің негізгі әдістерін меңгереді және этникалық мотивтері бар бұйымдар жасайды. Практикалық сабақтар қол еңбегінің дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлау мен эстетикалық талғамды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Рефлексиялық кезең: білім алушылар жасалған жұмыстарды талдайды, олардың мәдени және көркемдік мағыналарын талқылайды, өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Бұл кезең сыни ойлауды дамытуға және өз жұмысын мәдени маңыздылығы тұрғысынан бағалау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Бұл кезеңдер білім алушылардың мәдени артефактілерді жасау процесіне терең бойлауын қамтамасыз ете отырып, оқытуға жүйелі көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, білім алушылардың этнокөркемдік мәдениетін дамытудың тиімді құралы ретінде сәндік-қолданбалы өнердің маңыздылығы атап өтіледі. Сәндік-қолданбалы өнерді игеру білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Бұл шыдамдылық, табандылық, егжей-тегжейлі бөліктерге назар аудару, еңбек пен мәдени дәстүрлерді құрметтеу, эстетикалық талғамды қалыптастыру секілді қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Дәстүрлі материалдар мен әдістермен жұмыс рухани құндылықтарды нығайтады, эстетикалық қабылдауды дамытады және мәдени сананың қалыптасуына ықпал етеді. Этно-көркемдік тәрбие сәндік-қолданбалы өнер арқылы білім алушыларға туған жерімен, оның мәдени және рухани тамырларымен байланысты сезінуге мүмкіндік береді, бұл патриоттық сезімдер мен олардың мәдени мұраларына деген мақтанш сезімін нығайтуға ықпал етеді.

Сәндік-қолданбалы өнерді оқып-үйрену білім алушылардың өз халқының мәдени дәстүрлеріне құндылық көзқарасын қалыптастыра отырып, ұлттық мұраның мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл аспектілер сайып келгенде қазіргі қоғамдағы ұлттық мәдениеттің бірлігі мен сабақтастығын нығайта түсетін мәдени құндылықтарды бағалауға және сақтауға қабілетті жеке тұлғаны дамытудың маңызды факторы болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысының Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. <http://www.akorda.kz>
2. Райымхан К.Н. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. -136 б.
3. Асанова С., Птицина А. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық / Асанова С., Птицина А. - 3-басылым, стереотип. Астана: Фолиант, 2016. - 176 бет.
4. Кукушин В. С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық / В.С. Кукушин, С. Қалиев. - Алматы: РПБК "Дәуір" 2014. - 336 бет.
5. Слостенін В. А. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В. А. Слостенін, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; под ред. В. А. Слостенина. - 5-е изд., - М.: Издательский центр «Академия», 2006. - 576 с.
6. Адамқұлов Н.М. Технология пәніне арналған әдістемелік кеңес/ Адамқұлов Н.М. - Алматы: "Отан" баспасы, 2016. - 107 б.

### References

1. Memleket bassysynyñ N.Nazarbaevtyñ «Bolaşaqqa bağdar: ruhani jañğyru» atty maqalasy. 2017 jylğy 12 säuir. <http://www.akorda.kz>
2. Raiymhan K.N. Qazaq halqynyñ sändik-qoldanbaly öneri: oqu qūraly. - Almaty: Qazaq universiteti, 2010. -136 b.
3. Asanova S., Ptisina A. Qazaqtyñ ũlttyq kiimderi jāne qolōneri tarihy: Oqulyq / Asanova S.,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (79), наурыз 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences  
Ptisina A. - 3-basylym, stereotip. Astana: Foliant, 2016. - 176 bet.

4. Kukuşin V. S., Qaliev S. Etnopedagogika: Oqulyq / V.S. Kukuşin, S. Qaliev. - Almaty: RPBK "Däuir" 2014. - 336 bet.

5. Slastyonin V. A. Pedagogika: ucheb. posobie dlya stud. vysh. ucheb. zavedenij / V. A. Slastyonin, I. F. Isaev, E. N. Shiyonov; pod red. V. A. Slastyonina. - 5-e izd., - M. : Izdatelskij centr «Akademiya», 2006. - 576 s.

6. Adamqūlov N.M. Tehnologiya pänne arnalğan ädistemelik keñes/ Adamqūlov N.M. - Almaty: "Otan" baspasy, 2016. - 107 b.

## ФОРМИРОВАНИЕ ЭТНО-ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ У УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОМУ ИСКУССТВУ

КЫДЫРОВА С.Р. , ТАЙУСТАР А.Е. \*

**Кыдырова Салтанат Рашидовна** — PhD, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

**E-mail:** [skydyrova@zhubanov.edu.kz](mailto:skydyrova@zhubanov.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-5896-7474>;

\***Тайустар Асем Ерболеккызы** — магистрант 1 курса, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

**E-mail:** [assem.taiustar@mail.ru](mailto:assem.taiustar@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0008-8407-0140>;

**Аннотация.** В статье рассмотрены педагогические подходы к формированию этно-персональной культуры обучающихся средствами декоративно-прикладного искусства. Обосновывается актуальность этно-художественного воспитания в системе образования и важность внедрения культурных элементов для укрепления этнической идентичности и эстетического восприятия. Описаны основные принципы формирования Этно-художественной культуры, духовные и материальные ценности, предложены педагогам методические рекомендации, включающие применение практических, исследовательских и интерактивных методов. Анализируется роль декоративно-прикладного искусства как инструмента в учебно-воспитательном процессе, способствующего развитию осознанного подхода к культурному наследию, национальным традициям. Декоративно-прикладное искусство является духовным наследием и культурой народа, через овладение которым развиваются творческие способности молодежи и формируется их эстетический вкус. Наличие такого направления в современной системе образования повышает любовь молодежи к национальному искусству и культуре и закладывает основу для будущего развития культурного наследия нашей страны. Обоснована задача декоративно-прикладного искусства как определенного средства развития этно-персональной культуры обучающихся. Через декоративно-прикладное искусство этно-художественное воспитание помогает обучающимся почувствовать духовные сокровища своей страны. В статье рассказывается о том, как педагогические методы и приемы включения этно-художественных элементов в учебный процесс способствовали не только развитию эстетического вкуса обучающихся, но и укреплению этнической идентичности и культурного самосознания.

**Ключевые слова:** этно-художественная культура, декоративно-прикладное искусство, этно-художественное воспитание, педагогические методы, этническая идентичность, методика преподавания искусства, эстетическое воспитание.

## FORMATION OF ETHNO-ARTISTIC CULTURE IN STUDENTS IN THE PROCESS OF TEACHING DECORATIVE AND APPLIED ARTS

KYDYROVA S.R. , TAIUSTAR A.Y. \*

**Kydyrova Saltanat Rashidovna** — PhD, senior lecturer, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

**E-mail:** [skydyrova@zhubanov.edu.kz](mailto:skydyrova@zhubanov.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-5896-7474>;

\***Taiustar Assem Yerbolekyzy** — master's student of the 1st year, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

**E-mail:** [assem.taiustar@mail.ru](mailto:assem.taiustar@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0008-8407-0140>;

**Abstract.** The article discusses pedagogical approaches to the formation of ethno-artistic culture of students through the means of decorative and Applied Art. The relevance of ethno-artistic education in the education system and the importance of introducing cultural elements to strengthen ethnic identity and aesthetic perception are substantiated. The basic principles, spiritual and material values of the formation of ethno-artistic culture were described, and methodological recommendations were presented to teachers, including the use of practical, research and interactive methods. The role of decorative and applied art as a tool in the educational process, contributing to the development of a conscious attitude to cultural heritage, national traditions, is analyzed. It is written that decorative and applied art is the spiritual heritage and culture of the people, mastering which develops the creative abilities of young people and forms their aesthetic taste. The presence of such a direction in the modern education system increases the love of young people for National Art and culture, and lays the foundation for the trust of the cultural heritage of our country to future generations. The task of decorative and applied art as a certain means of developing the ethno-artistic culture of students is justified. Ethno-artistic education through arts and crafts helps students to feel the spiritual treasures of their country. The article notes that pedagogical methods and techniques for the inclusion of ethno-artistic elements in the educational process not only developed the aesthetic taste of students, but also contributed to the strengthening of ethnic identity and cultural self-consciousness.

**Key words:** ethno-artistic culture, applied arts, ethno-artistic education, pedagogical methods, ethnic identity, methods of teaching art, aesthetic education.